

М. Ж. Ыбышев,
*қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасының
аға оқытушысы, полиция майоры;*
А. Ж. Бейсенбаев,
*қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасының
аға оқытушысы, полиция подполковнигі*
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ ЗИЯНДЫ ӨТЕТУ ҚҰҚЫҒЫНА КЕПІЛДІК ҰҒЫМЫ

Заң әдебиетінде «құқықтар мен бостандықтарды сот арқылы қорғау кепілдігі, сот төрелігіне қол жеткізу шынайылығы мемлекеттің жәбірленушілер мен өзге де азаматтарға жасалған қылмыс туралы арызымен құқық қорғау және сот органдарына жүгіну еркіндігін, оларға қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу қауіпсіздігін, оның барысында салалық және конституциялық, оның ішінде сот әділдігі (яғни әділ сот шешімі) құқығын іске асыруды қамтамасыз ететін жағдай туғызуынан тұрады»ⁱ деп көрсетілген.

Бірақ осы құқықтарды қамтамасыз етудің, жәбірленушіге қылмыстық процестің барлық сатыларында құқықтарының шын мәнісінде жүзеге асуы мен қорғалуы үшін барлық қажетті жағдайларды жасаудың маңыздылығы кем емес. Бұл ретте мұндай кепілдік жәбірленушінің құқықтарын шын мәнісінде жүзеге асыруға және заңды мүдделерін қамтамасыз етуге ғана емес, оның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғанын анықтауға, болдырмауға, жоюға және ескертуге де бағытталуы тиіс.

Осыған байланысты мынандай сұрақ туындайды: қандай құқық құралдарын кепілдік деп санауға болады? Бұл сұрақ заң әдебиетінде бірдей шешілмеген.

Арнайы әдебиеттегі көптеген анықтамалардан құқықтық кепілдіктер қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін, адамның құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ететін құралдар мен шарттар деп белгіленген анықтама жалпы қабылданған анықтама екені туралы қорытынды жасауға болады.

Бұл ретте адамның құқықтарына берілген кепілдік жалпы және арнайы деп бөлінеді. Жалпы кепілдікке әлеуметтік-экономикалық, саяси, идеологиялық кепілдіктер жатады. Арнайы кепілдіктерге азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің көлемін анықтайтын, сондай-ақ оларды әртүрлі бұзушылықтардан қорғау тәсілі мен іске асыру құралдарын белгілейтін құқықтық нормалар жиынтығынан тұратын шын мәніндегі заң (құқықтық) кепілдіктері жатады. Заң кепілдіктері, өз кезегінде, конституциялық және салалық, яғни құқықтың нақты саласындағы (қылмыстық-құқықтық, азаматтық-құқықтық, азаматтық-процестік және т. б.) кепілдіктер деп бөлінедіⁱⁱ.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде жәбірленушінің құқықтарына берілетін процестік кепілдікке дәстүрлі түрде құқықтық құралдар мен шарттар, жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін шын мәнінде жүзеге асыру деген түсінік берілген. Осы құралдардың мазмұны неде, олардың мәні қандай деген сұрақтарға қатысты заң әдебиетінде әртүрлі пікір айтылған. Ғалымдар «қылмыстық-процестік кепілдіктер» ұғымының өзіне әртүрлі анықтама береді, сондай-ақ табиғатына қарай әртүрлі белгілерін көрсетеді. Мысалы, Б. А. Галкинⁱⁱⁱ, Э. Ф. Куцова^{iv} заң кепілдіктеріне құқықтық нормаларды жатқызады, сөйтіп, бір жағынан, ықтимал және тиісті ережелерді, екінші жағынан, ықтимал және тиісті жағдайға жету құралын теңдестіреді.

Р. Х. Якупов қылмыстық-процестік кепілдіктер жүйесіне:

- а) сот әділдігі принципін;
- ә) сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін бекітетін процестік нормаларды;
- б) қылмыстық істер бойынша сот әділдігінің процестік нысандарын;
- в) сот ісін жүргізуге қатысушылардың қызметін;
- г) процестік әрекеттер мен шешімдердің заңдылығы мен негізділігін тексеру жүйесін енгізеді^v.

А. Н. Ахпанованың пікірінше, «адамға берілетін кепілдіктерді заттық мазмұнына қарай: адам құқықтарының мазмұнын анықтайтын және құқықты қамтамасыз ету механизмін құрайтын деп жіктей отырып, екі үлкен топқа бөлуге болады. Бұл ретте бірінші топты қылмыстық сот ісін жүргізуде өз мүдделерін қорғайтын, оларға лауазымды тұлғалар мен органдардың процестік міндеттерін хабарлап отыратын, қылмыстық сот ісін жүргізетін адамдардың құқықтары құрайды. Екінші топты қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесі, қылмыстық процесс принциптері, қылмыстық-процестік нысан, қылмыстық-процестік құқық нормалары, қылмыстық қудалау органдары қызметінің және сот әділдігінің тәртібі; қылмыстық-процестік мәжбүрлеу жүйесі; процестік санкциялар; қабылданған шешімдердің негізділігін тексеру жүйесі; процестік шешімдердің заңдылығы мен негізділігін бақылау жүйесі құрайды»^{vi}.

К. Ж. Капсалимовтың ойынша, процестік кепілдіктер — бұл қылмыстық-процестік заңнама нормаларында көзделген қылмыстық сот ісін жүргізуде адамның құқықтарын қорғау жүйесі. Оның мақсаттар мен міндеттерге табысты қол жеткізуі қылмыстық сот ісін жүргізу принциптерінен; қылмыстық-процестік нысаннан және процестік шешімдерді негіздеуден; норманы қолданудың процестік тәртібінен; сотқа шағымдану құқығынан; прокурорлық қадағалаудан; сот бақылауынан; қылмыстық-процестік қызметті жүзеге асыратын лауазымды адамдардың заңсыз және негізсіз шешімдері арқылы азаматқа келтірілген зиянды өтеу және оны ақтаудан тұрады^{vii}.

Д. К. Канафиннің пікірі бойынша, «процестік кепілдіктер — бұл құқықтар мен міндеттердің өздері емес, ерекше амалдармен жүзеге асырылатын құқықтарды нақты қолдану және тиісті міндеттерді орындау тәсілдері мен әдістерінің, құралдары мен амалдарының жиынтығы»^{viii}.

Жоғарыда баяндалғаннан байқағанымыздай, жоғарыда келтірілген анықтамалардың біреуінде «қылмыстық-процестік кепілдіктер» ұғымының нақты және бірдей белгілері жоқ. Сонымен қоса құқықтардың процестік кепілдіктер жүйесінің адамның өз құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға және қорғауға шын мәніндегі мүмкіндігі болатын, өзара тығыз байланысты процестік құралдар қатары ретінде қаралатыны барлық жоғарыда көрсетілген анықтамаларға ортақ белгі болып табылады.

Құқықтық реттеу нысанымен және әдісімен қатар кепілдіктер қылмыстық-процестік құқық жүйесінде маңызды жүйе құру рөлін атқарады.

Қылмыстық-процестік кепілдіктердің мәнін талдау кезінде заңда көзделген сол немесе өзге де процестік құралдар мен жағдайлардың қылмыстық-процестік құқық қатынастары субъектілерінің құқықтарымен жеке мүдделерін іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталуы кепілдіктердің негізгі жалпы белгісі болып табылатын көзқарасты дұрыс деп танығанымыз жөн.

Б. М. Жаманбаев жәбірленушінің құқықтарына кепілдіктерді келесідей жіктеуді ұсынады. Бастама субъектісіне байланысты процестік кепілдіктер екі топқа бөлінеді:

1) қылмыстық істер бойынша іс жүргізетін органдардың процестік қызметіне қатысты кепілдіктер;

2) қылмыстық-процестік заңда белгіленген құқықтарды қорғаудың процестік құралдары болып табылатын процестік кепілдіктер, солар арқылы қылмыстық істе қылмыстық-құқықтық немесе азаматтық-құқықтық мүдделері бар адамдар, сондай-ақ қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіретін адамдар оларды белгіленген тәртіпті сақтай отырып, өз бастамасы бойынша қолданады (мысалы, қарсылық білдіруін мәлімдеу құқығы; қылмыстық іс бойынша іс жүргізетін органдардың әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану құқығы; қылмыс салдарынан, сондай-ақ лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттері мен шешімдерінен келтірілген зиянды өтету құқығы және т. б.)^{ix}.

Сонымен жәбірленушінің құқықтарына процестік кепілдіктерге қылмыстық-процестік заңда көзделген қылмыстан зардап шеккен адамды қылмыстық процеске жәбірленуші ретінде тарту тәртібі, оның қорғалуға құқықтарының жиынтығы, сондай-ақ оның құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ететін процестік құралдар мен жағдайлар деп анықтама беруге болады.

-
- i Брусницын Л. В. Правовое обеспечение безопасности лиц, содействующих уголовному правосудию. — М., 1999. — С. 27.
- ii Кокорев Л. Д., Лукашевич В. З. Процессуальные гарантии прав и законных интересов личности в уголовном судопроизводстве // Вестн. Ленингр. ун-та. 1977. № 11. С. 109—116.
- iii Галкин Б. А. Советский уголовно-процессуальный закон. — М., 1962. — С. 40—62.
- iv Куцова Э. Ф. Гарантии прав личности в советском уголовном процессе. — М., 1972. — С. 8—11.
- v Якупов Р. Х. Уголовный процесс. — М., 1999. — С. 130.
- vi Ахпанов А. Н. Меры процессуального принуждения: социальная ценность, теория и практика применения: Учеб. пос. — Караганда, 1989.
- vii Капсалямов К. Ж. Уголовно-процессуальное принуждение: гарантии, принципы, реализация. — Астана, 2001. — С. 39.
- viii Канафин Д. К. Гарантии прав личности в уголовном судопроизводстве: Монография. — Алматы, 2005.
- ix Жаманбаев Б. М. Гарантии прав потерпевшего в уголовном процессе: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — Караганда, 2007.